

## Біліктілікті арттыру бағдарламасы Бағдарлама паспорты

Білім беру бағдарламасын әзірлеушінің білім және ғылым ұйымының атауы	«Семей медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Қосымша білім беру түрі ( <i>біліктілікті арттыру/сертификаттау курсы/формальды емес білім беру шарасы</i> )	Біліктілікті арттыру
Бағдарлама атауы	Жалпы дәрігерлік практика дәрігерінің жұмысындағы шұғыл медициналық көмек
Мамандықтың және (немесе) мамандандудың атауы ( <i>мамандықтар мен маманданулар номенклатурасына сәйкес</i> )	-
Білім беру бағдарламасының деңгейі ( <i>базалық, орта, жоғары, мамандандырылған</i> )	базалық
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7.1
Білім беру бағдарламасының алдыңғы деңгейіне қойылатын талаптар	Жоғары медициналық білім, интернатура, қайта даярлау, резидентура. «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша дәрігерлер (өтілі жоқ және 3 жылға дейін өтілі бар).
Бағдарламаның ұзақтығы кредитпен (сағатпен)	8 кредит (240ак.сағат)
Оқыту тілі	Қазақ тілінде, орыс тілінде
Өткізу орны	Кафедраның клиникалық базасы
Оқыту форматы	Күндізгі
Мамандандыру бойынша берілетін біліктілік ( <i>сертификаттау курсы</i> )	-
Оқуды аяқтағаннан кейінгі құжат ( <i>сертификаттық курс туралы куәлік, біліктілікті арттыру туралы куәлік</i> )	Біліктілікті арттыру туралы куәлік
Сараптама ұйымының толық атауы	Жедел медициналық көмек, ядролық медицина, травматология және ортопедия бағдарламаларының ЖБТ «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ «Шұғыл медицина» комитеті 03.02.2025ж. № 4 хаттама Терапия профилі бағдарламаларының ЖБТ «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ «Отбасылық медицина» комитеті 31.01.2025ж. № 4 хаттама
Сараптамалық қорытындыны жасау күні	27.01.2025г. «Отбасылық медицина» комитеті 05.02.2025г. «Шұғыл медицина» комитеті
Сараптама қорытындысының қолданылу мерзімі	3 жыл

## **Біліктілікті арттыру бағдарламасын әзірлеу үшін нормативтік сілтемелер:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы мамандардың қосымша және бейресми білім беру арқалы алған оқыту нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандырулар тізбесін бекіту туралы»;
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы».

### **Әзірлеушілер туралы мәліметтер:**

Лауазымы	Т.А.Ә.
әзірленді	
м.ғ.д. профессор ҚР ҰҒА корресп.-мүше А. З. Дюсупов атындағы шұғыл медицина кафедрасының профессоры., м. ғ. к.	Пивина Л.М.
м.ғ.д. профессор ҚР НАЕК корресп.-мүше А. З. Дюсупов атындағы шұғыл медицина кафедрасының ассистенті	Батенова Г.Б.
«СМУ» КеАҚ ПФ шұғыл медицина, акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті, м.ғ.к..	Мамыров Д.У.
«СМУ» КеАҚ ПФ шұғыл медицина, акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті., PhD	Мамыров Е.Д.
АО ДСБ Төтенше жағдайлар медицинасы бойынша бас штаттан тыс маманы	Мансурова Г. Т.

### **Біліктілікті арттыру бағдарламасы «СМУ» КеАҚ қосымша білім беру бағдарламалары бойынша комитетінің отырысында бекітілген**

Лауазымы, жұмыс орны, атағы (бар болса)	Т.А.Ә.	күні, хаттаманың №
«СМУ» КеАҚ ҚББ бойынша білім беру бағдарламалары комитетінің төрағасы	Берікұлы Думан	31.01.2025 ж. № 1 хаттама

**БА БББ сараптама бағасы Жедел медициналық көмек, ядролық медицина, травматология және ортопедия бағдарламаларының ЖБТ «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ «Шұғыл медицина» комитеті отырысында талқыланды**

Лауазымы, жұмыс орны, атағы (бар болса)	Т.А.Ә.	күні, хаттаманың
Төрағасы	Дюсупов Алмас Ахметкалиевич	03.02.2025ж. № 4 хаттама

**БА БББ сараптама бағасы терапия профилі бағдарламаларының ЖБТ «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ӘҰБ «Отбасылық медицина» комитеті отырысында талқыланды**

Лауазымы, жұмыс орны, атағы (бар болса)	Т.А.Ә.	күні, хаттаманың
Председатель	Абугалиева Глеужан Оразалиевна	31.01.2025ж. № 4 хаттама

БА БББ сараптама акті және хаттама талқыланды қосымша беріледі.

**БА бағдарламасы «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ӘҰБ отырысында мақұлданды «\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж., №\_\_ хаттама (БА БББ ӘҰБ сайтында, Каталог АЖ орналастырылған)**

## Біліктілікті арттыру бағдарламасының паспорты

### Бағдарламаның мақсаты:

Жалпы дәрігерлік практика дәрігерінің жұмысында шұғыл медициналық көмек көрсетудің заманауи талаптарына жауап беретін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

### Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы:

Қазіргі уақытта ел халқының денсаулық жағдайының көрсеткіші медициналық мекемелерде шұғыл көмек көрсету сапасына тікелей байланысты. Қазақстанда ЖИА, цереброваскулярлық аурулар сияқты шұғыл жағдайлардан болатын өлім көрсеткіші Еуропаның, АҚШ пен Канаданың дамыған елдерінде ғана емес, сондай-ақ басқа да Орталық Азия республикаларында айтарлықтай асып түсетіні белгілі. Қазақстанда балалар мен ересектерде осы аурулардан туындаған өлім көрсеткіштері Еуропа елдерінің көрсеткіштерінен үш есе көп. Бұл бағдарлама кәсіби қызмет үшін қажетті шұғыл көмек көрсетудің қолда бар құзыреттерін жетілдіруге және жаңа құзыреттерін алуға және жалпы дәрігерлік практика мамандықтары бойынша дәрігерлердің қолда бар біліктілігі шеңберінде кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған. Жоспарланған нәтижелер Жалпы дәрігерлік практика дәрігерлерінің кәсіби стандарттарымен, біліктілік сипаттамаларымен сабақтастықты көрсетеді. Бағдарламаның мазмұны белгіленген біліктілік талаптары мен кәсіби стандарттар негізінде әзірленген. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары зерделенетін тақырыптың құрамын еңбек сыйымдылығын, көлемін, дәйектілігі мен оқу мерзімдерін көрсете отырып айқындайды, оқу процесін ұйымдастыру нысандарын және олардың арақатынасын (дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтар) белгілейді, білім алушылардың білімі мен іскерлігін бақылау нысандарын нақтылайды.

### Бағдарламаның негізгі элементтерін келісу:

№ р/с	Оқу нәтижесі	Бағалау әдісі	Оқыту әдісі
1	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- өмір қауіпсіздігінің негізгі қағидаттарын және оларды кәсіби қызметте қолдану тәртібін;</li><li>- шұғыл жағдайларды ерте диагностикалаудың заманауи әдістері,</li><li>- диагноз қою үшін қажетті тексерудің негізгі және қосымша әдістері (шұғыл аурулардың зертханалық және аспаптық диагностикасы).</li><li>- шұғыл жағдайлардың даму қауіп факторлары, АҚ, глюкоза деңгейінің көрсеткіштері және т. б.</li><li>- ерте диагностиканың заманауи әдістері</li><li>- шұғыл жағдайлардың қауіп факторлары бар пациенттердің өмір салтын өзгерту тактикасын білу</li><li>- шұғыл жағдайлардың дамуының алдын алу әдістері</li><li>- денсаулық жағдайының өзгеруінің себеп-салдарлық байланыстарын орнату</li><li>- жиі кездесетін шұғыл жағдайлардың белгілері мен синдромдарының негізгі</li></ul>	Ауызша жауап алу, тестілеу	дәрістер, семинарлар, тренингтер, клиникалық жағдайлар, практикалық дағдылар

	<p>клиникалық көріністері;  -дені сау және ауру ағзаның құрылымы мен дамуының анатомиялық-физиологиялық, жас-жыныстық және жеке ерекшеліктері;  - жиі кездесетін шұғыл жағдайлардың белгілері мен синдромдарының негізгі клиникалық көріністері;  - шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайлар мен аурулар кезінде шұғыл көмек көрсетудің принциптері мен әдістері.</p>		
2	<p>Істей білуі керек:  - әр түрлі жағдайларда алғашқы медициналық көмек әдістерін қолдану;  - өмірге қауіпті бұзушылықтарды анықтау және шұғыл жағдайларда жасөспірімдерге алғашқы көмек көрсету;  - шұғыл жағдайлардың туындауының немесе таралуының алдын алуға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау;  - денсаулық жағдайының өзгеруінің себеп-салдарлық байланыстарын анықтау;  - зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіру;  - өзінің кәсіби қызметінде медициналық аппаратураны, компьютерлік техниканы пайдалану;  - диагнозды нақтылау үшін шұғыл жағдайларда зерттеудің негізгі және қосымша әдістерін жүргізу;  - анамнез жинау, сауалнама жүргізу, физикалық тексеру, клиникалық тексеру жүргізу, шұғыл жағдайлары бар пациенттерде зертханалық-аспаптық зерттеу нәтижелерін түсіндіру;  - пациенттің денсаулық проблемаларын шешу үшін басымдықтарды белгілеу: ауыр (терминалдық) жағдай, ауырсыну синдромы бар жағдай, созылмалы ауруы бар жағдай;  - шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда симптомдар мен синдромдарды анықтау;  - шұғыл жағдайларды диагностикалау үшін қажетті зертханалық және аспаптық әдістердің нәтижелерін тағайындау және бағалау</p>	<p>Ауызша жауап алу, кейс-тестинг, шағын клиникалық емтихан, маманның процедуралық дағдыларын тікелей бақылау</p>	<p>дәрістер, семинарлар, тренингтер, клиникалық жағдайлар, практикалық дағдылар</p>
3	<p>Игеру керек:  - алғашқы көмек көрсету дағдылары;  - Төтенше жағдайлар туындаған кезде</p>	<p>Ауызша жауап алу, кейс-тестинг, шағын</p>	<p>дәрістер, семинарлар, тренингтер,</p>

	<p>дұрыс мінез-құлық пен іс-қимыл дағдыларын;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шұғыл жағдайлардың алдын алу әдістерін;</li> <li>- зерттеудің негізгі дәрігерлік диагностикалық, аспаптық әдістерін орындау алгоритмін;</li> <li>- шұғыл жағдайлардың қауіп факторларын түзету дағдыларын;</li> <li>- шұғыл жағдайларда жалпы клиникалық тексеру әдістерін;</li> <li>- шұғыл жағдайларда диагностиканың әртүрлі әдістерінің нәтижелерін түсіндіру;</li> <li>- балалар мен жасөспірімдердің жалпы клиникалық тексеру әдістерін;</li> <li>- диагностиканың зертханалық, аспаптық әдістерінің нәтижелерін түсіндіру;</li> <li>- алдын ала диагноз қою алгоритмімен, содан кейін науқасты тиісті маман дәрігерге жібереді;</li> <li>- ургентті жағдайларды шұғыл диагностикалау әдістерін;</li> <li>- тренажерде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу әдістерін;</li> <li>- ургентті жағдайларда шұғыл көмек көрсету алгоритмі.</li> </ul>	<p>клиникалық емтихан, маманның процедуралық дағдыларын тікелей бақылау</p>	<p>клиникалық жағдайлар, практикалық дағдылар</p>
<p>4</p>	<p>Қабілетін мен дайындығын көрсетуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- стандартты емес жағдайларда әрекет ету, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті өз мойнына алу қабілеті;</li> <li>- Төтенше жағдайлар кезінде алғашқы көмек әдістерін, қорғау әдістерін қолдануға дайын болу;</li> <li>- шұғыл медициналық араласуды талап ететін жағдайлар кезінде жедел медициналық көмек көрсетуге қатысуға дайын болу;</li> <li>- науқастың шағымдарын, оның анамнезін, тексеру нәтижелерін, зертханалық, аспаптық, патологиялық-анатомиялық және өзге де зерттеулердің жай-күйін тану немесе аурудың болуы немесе болмауы фактісін анықтау мақсатында жинауға және талдауға дайындығы;</li> <li>- аурулардың халықаралық статистикалық жіктелуіне және денсаулыққа байланысты проблемаларға (ХАК) сәйкес пациенттің негізгі патологиялық жай-күйін, симптомдарын, ауру синдромдарын, нозологиялық нысандарын анықтау қабілеті;</li> </ul>	<p>Ауызша жауап алу, кейс-тестинг, шағын клиникалық емтихан, маманның процедуралық дағдыларын тікелей бақылау</p>	<p>дәрістер, семинарлар, тренингтер, клиникалық жағдайлар, практикалық дағдылар</p>

	- әртүрлі нозологиялық түрлері бар пациенттерді жүргізу тактикасын анықтау қабілеті.		
--	--	--	--

### Біліктілікті арттыру бағдарламасын жүзеге асыру жоспары

№	Тақырып/бөлім/пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		деріс	семинар	практика	тренинг	ТӨЖ	
<b>1.</b>	<b>Халықаралық стандарттарға сәйкес шұғыл медициналық көмек көрсету</b>	<b>15</b>	<b>30</b>			<b>15</b>	
1.1	Жүректің тоқтауы, себептері, жүректің тоқтау түрлері. Ауруханаға дейінгі кезеңде көмек көрсету алгоритмі.	3	6			3	НҚА қарастыру. Әдебиетті қарастыру. Практикалық дағдыларды меңгеру
1.2	BLS көрсету алгоритмдері	3	6			3	Тақырып бойынша кейс әзірлеу. Әдебиетті қарастыру. Практикалық дағдыларды меңгеру
1.3	PALS көрсету алгоритмдері	3	6			3	Тақырып бойынша кейс әзірлеу. Әдебиетті қарастыру. Практикалық дағдыларды меңгеру
1.4	ATLS көрсету алгоритмдері	3	6			3	Тақырып бойынша кейс әзірлеу. Әдебиетті қарастыру. Практикалық дағдыларды меңгеру
1.5	ACLS көрсету алгоритмдері	3	6			3	Тақырып бойынша кейс әзірлеу. Әдебиетті қарастыру. Практикалық дағдыларды меңгеру
<b>2.</b>	<b>Терапия мен кардиологиядағы шұғыл жағдайлар</b>	<b>15</b>	<b>30</b>			<b>15</b>	

2.1	Жедел коронарлық синдром. Кардиогенді шок. Ырғақтың бұзылуы. Острый коронарный синдром. Кардиогенный шок. Нарушение ритма.	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
2.2	Гипертониялық криз. ТЭЛА	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
2.3	Жедел тыныс жетіспеушілігі.	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
2.4	Жедел респираторлық стресс синдромы	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
2.5	Өкпе ісінуі. Обструктивті синдром	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
<b>3.</b>	<b>Шок, кома, термиялық жарақат және улану кезіндегі шұғыл көмек</b>	<b>15</b>	<b>30</b>		<b>15</b>	
3.1	Шок (анафилактикалық шок, геморрагиялық шок, травматикалық (жарақаттық) шок, гиповолемиялық шок, септикалық шок)	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру



3.2	Коматозды жағдайлар (гипогликемиялық кома, гипогликемиялық кома, кетацидоз)	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
3.3	Улану	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
3.4	Үсігіп алу, күйік жарақаты, электр жарақаты	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
3.5	Суға бату.	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
<b>4.</b>	<b>Басқа шұғыл, өмірге қауіп төндіретін жағдайлар</b>	<b>15</b>	<b>30</b>		<b>15</b>	
4.1	Акушерия және гинекологиядағы шұғыл жағдайлар	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
4.2	Педиатрия мен неонатологиядағы шұғыл медицина	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру

4.3	Ересектер мен балалардың хирургиядағы шұғыл жағдайлары	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
4.4	Ересектер мен балалардың жұқпалы аурулары кезіндегі шұғыл жағдайлар	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
4.5	Офтальмология мен оториноларингологиядағы шұғыл жағдайлар	3	6		3	Тақырып бойынша кейс талқылау. Әдебиетті, клиникалық хаттаманы зерттеу. Практикалық дағдыларды меңгеру
<b>Барлығы:</b>		<b>60</b>	<b>120</b>	<b>60</b>		
<b>Қорытынды:</b>		<b>240 сағат</b>				

### Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Бақылау түрі	Бағалау әдістері
Ағымдағы	тест тапсырмаларын шешу, әңгімелесу, ситуациялық есептерді шешу, тыңдаушылар орындаған білім мен практикалық дағдыларды тексеру.
Аралық (қажет болған жағдайда)	Аралық бақылау тестілер
Қорытынды	тестілеуді / сұхбаттасуды және практикалық дағдыларды қабылдауды қамтитын емтихан

### Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-қ мөлшері	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	

D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

### **Ұсынылатын әдебиет:**

#### **Негізгі:**

1. Скорая медицинская помощь. Справочник практического врача : научное издание. - 10-е изд. - М.: МИА, 2013. - 784 с. Стр.55-87, 99-152, 186-243
2. Скорая медицинская помощь. Краткое руководство : руководство / ред.: А. Г. Мирошниченко, В. В. Руксина, В. М. Шайтор. - М. : ГЭОТАР-медиа, 2010. - 320 с. ил.с.Стр.112-156
3. Давей Патрик. Наглядная ЭКГ202/2013 : учебное пособие / Патрик Давей ; пер., ред. М. В. Писарев. - М : ГЭОТАР-Медиа, 2011. - 176 с. : ил
4. Плапперт, Тед. Эхокардиография Краткое руководство2012/2013 : научное издание / Т Плапперт, Мартин Г.Ст. Джон Саттон ; пер. Ю. В. Фурменкова ; ред.: М. К. Рыбакова, В. В. Митькова. - М : ГЭОТАР-Медиа, 2010. - 238 с.
5. Ферри Дэвид Р. Интерпретация ЭКГ 10-дневный курс : монография / Дэвид Р. Ферри ; пер. А. Л. Сыркин. - М : ГЭОТАР-Медиа, 2009. - 628 с. : ил.
6. Жедел медициналық жәрдем (оқулық) / Қ. М. Тұрланов. - Алматы : "ЭВЕРО", 2011. – 443 б. Бет 25-45, 111-154, 178-256
7. Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек: учебник / И. П. Красильникова Е. Г. Моисеева; ред.: А. Н. Саржанова, Г. Ж. Сағындықова. - М.: ГЭОТАР-медиа, 2014. - 205 б. Бет 12-112, 142-164
8. Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек:оқу құралы/ И.М. Красильникова, Е.Г. Моисеева.- М.: ГЭОТАР-Медиа,2014ж. Бет 21-45, 72-99

#### **Қосымша:**

1. Roberts, JR, and Hedges, JR. Clinical Procedures in Emergency Medicine. 5<sup>th</sup> edition, 2009 (все страницы)

#### **Интернет-ресурстар:**

1. Cochrane Library
2. BMJ Best Practice
3. Best Evidence
4. Медицинский проект [www.webmedinfo.ru](http://www.webmedinfo.ru)
5. Онлайн семинары Medscape education Pediatrics
6. Научная электронная библиотека  
<http://www.elibrary.ru><http://www.elibrary.ru> .

#### **Білім беру ресурстарына қойылатын талаптар:**

- Білім беру бағдарламасы

- Кадрмен қамтамасыз етуге қойылатын біліктілік талаптары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ № -303/2020 бұйрығы)
- Клиникалық базаның болуы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ № -304/2020 бұйрығы)
- БМСК үздік тәжірибелер орталықтары (ҮТО)
- Оқу-клиникалық, симуляциялық орталық
- Көрнекі құралдар: презентациялар, кестелер, суреттер;
- Дәрістерге, семинарларға арналған әдістемелік әзірлемелер;
- Оқу-әдістемелік құралдар: тестілік бақылау сұрақтары, ситуациялық есептер.

**Материялдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтар:**

- Клиникалық базадағы оқу бөлмелері;
- ОТҚ (компьютерлер, бейне проекторлар, принтерлер, ксерокс)
- Кітапхана
- Қол жетімді интернет
- Муляждар, манекендер және тренажерлер

**Қолданылатын қысқартулар мен терминдер:**

BLS (Basic Life Support) - өмірдің негізгі қолдауы

ACLS (Advanced Cardiac Life Support) — бұл өмірге қауіп төндіретін жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу үшін денсаулық сақтау мамандары қолданатын нұсқаулар жиынтығы

PALS (Pediatric Advanced Life Support) – балалардың жүрек-қан тамырлары патологиясындағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы курсы

PHTLS (Prehospital Trauma Life Support) — бұл жарақат алған науқастарды басқарудың стандартталған алгоритмі

БІЛІКТІЛІК-Білім туралы құжатта көрсетілген курсанттың кәсіптік қызметті орындауға немесе білім беруді жалғастыруға кәсіби даярлығының түрі мен дәрежесі.

БІЛІКТІЛІК-алған кәсіби мен мамандығы бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға даярлық, оқыту деңгейі;

КЛИНИКАЛЫҚ ТӘЛІМГЕР-кәсіптік құзыреттер шеңберінде білім алушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін медициналық ұйымның немесе медициналық білім беру ұйымының басшысы тағайындайтын кемінде бес жыл өтілі бар медицина қызметкері;

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР-оқыту процесінде алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті;

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ-оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

**КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР** - маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылары, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті;

**ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**-білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;  
**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (БАӨЖ)** – оқу жоспарына енгізілген әрбір модуль/пән бойынша білім алушының өзіндік жұмысын көздейтін оқу жұмысының бір түрі. Өздік жұмыс барысында курсант теориялық материалды меңгереді, теориялық материалды білуін практикалық жолмен бекітеді (кезекшілік, пациенттердің курациясы, практикалық дағдыларды игеру және т. б.); алған білімдері мен практикалық дағдыларын жағдайды талдау және дұрыс шешім әзірлеу үшін қолданады (топтық пікірталастар, іскерлік ойындар, жағдайды талдау, жобаларды әзірлеу және т. б.); алған білімдері мен дағдыларын өз ұстанымын, теориясын, моделін қалыптастыру үшін қолданады (ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу). Өзіндік жұмысты бақылау және оның нәтижелерін бағалау екі форманың бірлігі ретінде ұйымдастырылады: өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау; оқытушылар тарапынан бақылау және бағалау және т. б.

**МАМАНДЫҚ**-білім туралы тиісті құжаттармен расталатын, белгілі бір қызмет түріне қажетті мақсатты дайындық пен жұмыс тәжірибесі, білім, білік және дағдылар арқылы алынған кешен;

**ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ (ҮОЖ)** – Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін пәндер кредиттерінің ең аз көлемін, аралық және қорытынды аттестаттауды көрсете отырып, білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін оқу құжаты.